

## "Лисаков ТБК" акционерлік қоғамы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 11 тамыз N 1134

"Лисаков ТБК" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін 1996 жылғы 4 қарашадағы N 04/004-96 сатып алу-сату келісімшарты бойынша "Есіл" акционерлік қоғамы тарапынан міндеттемелерінің орындалмағандығын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) "Есіл" акционерлік қоғамымен "Лисаков ТБК" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін 1996 жылғы 4 қарашадағы N 04/004-96 сатып алу-сату келісімшартын бұзсын;

2) "Лисаков ТБК" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетінің 39%-іне "Есіл" өнеркәсіп қаржы компаниясына берілген иелену, пайдалану және басқару құқығын қайтарып алу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары орындалғаннан кейін

"Лисаков ТБК" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне берсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.